

Халықаралық «Әл-Фараби-2023» олимпиадасының өту ережелері

1. Қатысушы <http://online-test.kaznu.kz> сайтына кіреді.
2. Тест тапсырмаларын орындар алдында міндетті түрде олимпиадаға тіркелу кезінде енгізген мәліметтері (логин, пароль) бойынша кіреді.
3. Тест түрін таңдайды: **Халықаралық олимпиада «Әл-Фараби-2023» 1-ші немесе 2-тур.**
4. Тестілеу тілін таңдайды.
5. Таңдау пәні бойынша олимпиадаға қатысу үшін бір ғана пәнді таңдайды.
6. Тестілеуді бастайды (гуманитарлық пәндерге 35 минут, жаратылыстану пәндеріне 50 минут уақыт беріледі):
**1-кезеңнің тапсырмалары екі деңгейден тұрады:
1-деңгейдің сұрағы 5 нұсқалы жауаптан тұрады, оның 1 ғана дұрыс нұсқасын таңдайды;**

- 2-кезеңнің тапсырмалары үш деңгейден тұрады:
1-деңгейдің сұрағы 5 нұсқалы жауаптан тұрады, оның 1 ғана дұрыс нұсқасын таңдайды;
2-деңгейде сұрақ 5 нұсқалы жауаптан тұрады, оның 2 дұрыс нұсқасын таңдайды.**

Үшінші кезеңнің жаратылыстану-математикалық бағыттағы тапсырмалары теориялық және практикалық есептер түрінде, ал жалпы гуманитарлық бағытта эссе жазу және университеттің зертханалық кешендерінде жүргізілген жұмыстардың нәтижесі бойынша теориялық сұрақтарға жауап беруден тұрады.

Ескерту:

1. Қатысушы <http://online-test.kaznu.kz> сайтында кестеде белгіленген уақытта өзінің логині және паролімен кіріп тіркеледі.
2. Қатысушы 1-2 турларға кез келген интернет желісі қосылған жерде қатыса береді (мектепте, үйде және т.б.).
3. Тіркелу кезінде қатысушы өзі туралы мәліметті тек қана кириллицамен толтыруы қажет.
4. Қатысушы тестілеуді бір-ақ рет тапсыра алады, тестілеуді қайтадан тапсырған оқушылардың нәтижелерін комиссия қарастырмайды.
5. Егер тестілеу кезінде қатысушы байқаусызда тест бетін немесе браузерді жауып тастаған жағдайда қатысушы қайтадан өзінің логин, паролімен кіре алады, содан кейін **тесттер** қосымша парағына басу арқылы **бірінші тестті** басып (ол жерде **бітпеген деген статус** тұрады), ары қарай тест тапсырады.